Газет 1970 жылдың қаңтарынан шығады. Газета выходит с января 1970 года

# Іле таңы

№22 (4605)

Іле аудандық қоғамдық-саяси апталық | 22 мамыр (жұма) мая (пятница) 2015 жыл год | Илийский районный общественно-политический еженедельник



# ҰБТ-ҒА ДАЙЫНСЫҢ БА?, ЖАС ТҮЛЕК!

**Өткен аптада Боралдай кентіндегі №39 мектеп гимназиясында 2015 жылғы ҰБТ - ға дайындық бойынша мектептерді ақпаратты - түсіндірме жұмыстарымен қамтамасыз ету мақсатындағы семинар-кеңес өтті. Оған Алматы облысы білім саласындағы бақылау департаментінің басшысы Салтанат Досматова, Алматы облысы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің консультанты Мұрат Тоғызбаев, Алматы облысы білім саласындағы бақылау департаментінің бас маманы Виктория Орынбаева, Алматы облысы білім басқармасының бөлім басшысы Дәрібаев Болатбек Елубайұлы, аудан әкімінің орынбасары Жүнісов Дәурен Хабдолданұлы, аудандық білім бөлімінің басшысы Каткеева Ләззат Жақыпқызы, Балқаш, Жамбыл, Қарасай аудандары мен Қапшағай қаласы әкімдерінің орынбасарлары қатысты.**

Негізгі әңгіменің төркіні Ұлттық бірыңғай тестілеудің төңірегіндегі жаңадан қосылған тәртіптері жөнінде болды. Жыл өткен сайын біріңғай тестілеудің тәртібі қатайып, жаңа ережелердің пайда болуы дәстүрге айналды.

Сонымен 1 ережеде: ҰБТ-ға қатысушылар ҰБТӨП (ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу пункттеріне) рұқсаттамада көрсетілген күні мен уақытында және өзімен бірге тестілеуге рұқсаттама, жеке басын куәландыратын құжат пен қара сиясы бар қаламсап алып келуі керек. Өзімен бірге аудиторияға жасырын парақшаларды, оқулықтарды және басқа да әдістемелік әдебиеттерді, калькуляторды, фотоаппаратты, мобильді байланыс құралдарын, модемдерді (мобильді роутерлерді), ноутбуктарды, плейерлерді кіргізуге рұқсат етілмейді.

Министрлік өкілдің аудиторияда тыйым салынған заттың тәркіленуі және тәртіп сақтау ережесін бұзған мектеп бітірушіні аудиториядан шығару және оның тест нәтижелерін жою туралы шешім қабылдауға құқығы бар. Осыған қоса, бітіруші ағымдағы жылы жоғары оқу орнына түсу құқығынан айырылады.

2 ереже: Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу туралы қағидадағы 48-тармақ: Аттестатты ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсырған кезде бітірушілер білім алған ұйымдары береді. Аттесттатқа ұлттық бірыңғай тестілеу шеңберінде тапсырылған жалпы білім беретін пәндер бойынша мемлекекттік комиссия шешіміне сәйкес жылдық баға есептелген орташа арифметикалық баға қойылады. Дау тудыратын жағдайда, бағаны дөңгелектеп көтеру жағына жасалады. Яғни, жылдық баға мен ұлттық бірыңғай тестілеуден алған бағамен жылдық бағаны салыстырғанда 4, 5 тен жоғары балл болса жоғары баға қойылады. Одан төмен болса, төмен баллға тиісінше баға қойылады.

Тестілеу нәтижелері емтихан болған күнде көпшілік назарына дұрыс жауаптар коды мен емтихан ведомосын ҰБТ тапсырылған жерлерде ақпараттық стендтерде ілу арқылы хабарланады. Осыған байланысты, тестілеу нәтижелері Ұлттық тестілеу орталығының сайтында (www.testcenter.kz) ҰБТӨП-де емтихан жұмыстары өңделгеннен кейін орналастырылады.

Айта кетейік, Ұлттық бірыңғай тестілеу пункті ауданымызда алғашқы рет ашылып, түлектеріміз жақын жерден тест өткізбекші. Бұл мектеп бітірушілер үшін өте маңызды.

Осыған байланысты аудандық білім бөлімінің басшысы Каткеева Ләззат Жақыпқызы: «Бізде алғаш ашылып отырған Ұлттық бірыңғай тестілеу пункті Ащыбұлақ округі М.Түймебаев ауылындағы №20 орта мектепте орналасқан. Пункт заманауи техникалармен жабдықталып, Ұлттық бірыңғай тестілеуге қажетті жабдықтармен толық қамтылып, сапалы ұйымдастырылған. Тест өткізу пунктінің басшысы М.Құткелдиева, ал инженер қызметкері сол мектептің информатика пәнінің мұғалімі Ә.Қаптағаева. ҰБТ 2 лекпен өткізіледі, 10 сынып кабинеттері белгіленді. Аудан мектептер техникалық хатшылар туралы мәліметтер, 11 сынып бітірушілердің және ҰБТ-ге қатысатын оқушылардың тізімі пунктің базасына енгізілді», - деп отыр.

Жалпы аудан бойынша 1364 түлек бар, оның 913-і тестке қатысады. Бұл жалпы түлектердің 66,9 пайызын құрайды. Қалғаны өз қалаулары бойынша мемлекеттік емтихан тапсыруға өтініш білдірген.

Дайындықты тексеру мақсатында апта сайын мектепішілік тест өтіп тұрады, аудан бойынша 8, облыс бойынша 4 рет сынақ өткізілген, орташа бағанның пай-ыздық көрсеткіші 76 пайызды көрсеткен. 6 наурыз күні «Алтын белгі» мен «Үздік аттестатқа» үміткерлерімен Өтеген батыр кентіндегі №7 орта мектепте аудандық сынақ тестілеу өткізілген. Тест қорытындысы бойынша биыл 32 «Алтын белгі», 9 «Үздік аттестатқа» үміткерлер тізімі бекітілген.

*Б ЧОЙБАСОВ.*



*Лекции*

# О ПРОТЕЖЕ, МЗДОИМСТВЕ, КАРЬЕРЕ

## говорили на совещании с работниками ЧС



Недавно в п. Отеген батыр в актовом зале отдела ЧС по Илийскому району прошла очередная встреча по вопросам разъяснения новой антикоррупционной стратегии государства, в рамках плана информирования населения и государственных органов.

Надо сказать, что сотрудники отдела ЧС, (по старому их именуют пожарники), всегда причислялись к контролирующим органам. Наряду с санэпидемстанцией, налоговой, административной полицией., ветеринарным, энергетическим, природоохранными и другими службами они имеют право проверять, коммерческие и государственные объекты. Соответственно, есть соблазн к мздоимству для определенных решений в пользу сокрытия разного рода нарушений противопожарной безопасности на объекте. В республике зафиксированы факты умышленного не-возбуждения уголовного производства по пожару.

Руководитель межрегионального управления департамента по делам государственной службы и противодействию коррупции Б.К. Избасаров предостерег слушателей от такого рода поступков, чтобы не портить жизнь ни себе, ни родственникам. Поощрения, присуждения очередных званий, передвижение по служебной лестнице - все будет отслеживаться и анализироваться специальным ситуационным центром. К примеру, если вдруг, какой либо младший чин структуры комитета ЧС, не выработав положенный стаж, «перепрыгнув» несколько ступеней, оказался в должности начальника отдела, то это будет рассматриваться как протеже и покровительство вышестоящего руководства. То есть, иметь признаки коррупционной составляющей, со всеми вытекающими отсюда последствиями. Нельзя забывать, что проступок государственного служащего не лучшим образом скажется и на карьере его детей; они не смогут попасть на государственную службу. Есть также система денежного поощрения населения за информирование о случаях казнокрадства, мздоимства, мошенничества. Словом, заключил выступающий, честным быть спокойней и выгоднее.

На совещании присутствовал начальник Илийского отдела по ЧС Аният Масимов.

*Р.ЕЛЕШЕВ.*

# ІЛЕ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10 бабына сәйкес, V шақырылған аудандық мәслихаттың кезектен тыс сессиясы Өтеген батыр кенті, Батталханов көшесі-8, аудандық әкімдіктің ғимаратында 2015 жылы 27 мамырда сағат 11.00-де шақырылады.

**Күн тәртібінде:**

1. Іле аудандық мәслихатының 2014 жылғы 19 желтоқсандағы «Іле ауданының 2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы» №42-190 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
2. Өзге де мәселелер.

# К СВЕДЕНИЮ ДЕПУТАТОВ ИЛИЙСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА!

В соответствии со ст. 10 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» 27 мая 2015 года в 11.00 часов созывается внеочередная сессия районного маслихата V созыва в пос. Отеген батыр, ул. З. Батталханова, 8, в здании районного акимата.

**На повестке дня сессии:**

1. О внесении изменений в решение районного маслихата №42-190 от 19 декабря 2014 года «О районном бюджете Илийского района на 2015 - 2017 годы»

2. Прочие вопросы.

# СОЦИАЛЬНЫЙ АУДИТ - В ДЕЙСТВИИ!



**В Алматинской области по программе «Ак булак» на 2011-2015 годы запланированы строительство и реконструкция 350 объектов на сумму 56 млрд. тенге. Таким образом, будет улучшено качество подаваемой воды в 275 населенных пунктах, в том числе и в нашем районе.**

**Напомним читателям: В Илийском районе ОО Социально-гражданский базис «Болашак» при поддержке Министерства Национальной экономики и Фонда «Сорос-Казахстан» с января 2015 года начал реализацию пилотного проекта «Социальный аудит как механизм вовлечения общественности».**

Согласно проекту, было обучено 24 социальных аудитора со всех сельских округов, которые с энтузиазмом приступили к общественной деятельности. Хотя, надо признать, поскольку дело это новое, проект не застрахован от ошибок... Как говорится, кто не работает, тот не ошибается! Но обученные азам социального аудита народные лидеры настроены с честью и достоинством претворить в жизнь один из 12 проектов Президента – государственную программу "Ак булак". И это не громкие слова, а желание неравнодушных людей из сельской глубинки принести пользу своему государству и выполнить гражданский долг для будущих поколений – по-простому, осуществить контроль за расходованием бюджетных средств и выполнением качественных государственных услуг (обеспечению населения чистой водой).

Недавно по результатам начатого проекта в Ащибулакском и Караойском сельских округах состоялись общественные слушания с участием акимов округов (М.Б.Карибаева), депутатов раймаслихата (Ш.Кагазбаева), главный куратор всех проектов, которые вводятся в районе) ЖКХ, социальных аудиторов, членов общественных советов, подрядчиков и населения.

В Ащибулакском округе, в селе Тюмебаево, общественные слушания открыл аким округа – Карибаев Мухит Бахитович, который подробно разъяснил суть программы, рассказал о деятельности общественных советов. По теме он подчеркнул, что около 2-х лет при поддержке акима района, депутатов раймаслихата, членов общественных советов совместными усилиями была завершена и проанализирована работа, выполненная подрядчиками в названном населенном пункте по программе «Ак булак». В ходе проверки были выявлены ряд проблем, которые требуют устранения, но в целом, благодаря госпрограмме, ащибулакцы пользуются качественной питьевой водой.

Координатор проекта Роза Абилова поблагодарила участников за активность. В своем выступлении подчеркнула важность и своевременность 5 реформ, 12 проектов, озвученных на 16 съезде партии «Нур Отан» Главой государства, одна из которых «Ак булак». Пятая реформа – это участие граждан в контроле за бюджетными средствами, то есть социальный аудит. Абилова рассказала о формировании бюджета, о пользе социального аудита, об оказании качественной государственной услуги. Закона о социальном аудите пока нет. Это пилотный проект, который начал свою реализацию в Илийском районе. Координатор социального проекта подробно остановился на делах социальных аудиторов: «После обучения социальных аудиторов, можно сказать начались полевые работы. Была создана рабочая группа. Были прежде всего разосланы письма акимам округов с описанием программы и списком социальных аудиторовс просьбой оказать содействие в аудите. Пять социальных аудиторов вначале провели анкету-опросник для населения о проделанной работе подрядчиков. С целью информирования жителей были развешаны объявления о проекте в округах, где проводился социальный аудит. В марте социальные аудиторы в округах п. Боралдай, им. Тлендиева, в с.Жетыген, выезжали в округа для визуального осмотра 3 объектов водоснабжения, оценив качество оказания госуслуги. Также были сделаны фотоснимки, с допущенными нарушениями на объектах. В с. Туймебаево аудиторы оценили состояние трубопроводов водоснабжения, заполняли листы наблюдений. Далее были проведены интервью с акимами района и округов, начальниками ЖКХ и председателями Советов общественности. Также в этот период была разработана методология проведения социального аудита. На собрании социальных аудиторов и ОО «Социально-гражданский базис Болашак» с членами Советов общественностидля обмена полученными результатами. В ходе собрания были обсуждены трудности, возникшие во время социального аудита, а так же проблемы, касающиеся состояния водоснабжения округов, в которых проходил аудит. Завершится работа социальных аудиторов проведением форума с участием представителей Министерства национальной экономики и депутатов Мажилиса парламента РК. По данным исследования, аудиторы выявили множество недочетов в качестве оказанной госуслуги, результаты которых были представлены в отдел ЖКХ. Следующий этап работы заключается в том, чтобы подрядчик устранил выявленные недочеты.В результате проекта создан пул социальных аудиторовиз разных населенных пунктов, которые объединились в одну команду. Таким образом появилась возможность обмена опытом. В следующий отчетный период планируется наладить партнерские отношения с Министерством Национальной экономики, а также презентовать результаты проекта на уровне Республики с обоснованием поэтапного внедрения в других регионах.» Выступивший социальный аудитор Сакид Чатуев рассказал о проведенной работе группы социальных аудиторов, отметив все недостатки и халатное отношение подрядчиков к выполнению некоторых видов работ, требующих переделки. От имени подрядчика выступил инженер ТОО «Акжол» Медет Узбеков, который согласился с претензиями аудиторов, пообещав доложить руководству.



Следующие общественные слушания состоялись в с. имени Тлендиева Караойского сельского округа**, в которой помимо названных участников, приняли участие директор «Караой су» Аманжолов Марат, население округа. Здесь также была создана рабочая группа социальных аудиторов: Ахмедоров Мирза, Абдулин Асхат, Табылдиева Айгуль, Агеева Татьяна, которые успешно справились с ответственной задачей – аудитом выполненных работ.**

**Татьяна Агеева отметила: «Проект интересный, мы – представители народа, получив грамотные знания, с огромным желанием взялись за эту деятельность. Проект живой, востребованный! Он существует для того, чтобы народу было легче жить».**

**Проект продолжает свою работу. Участники общественных слушаний пожелали проекту – жить!**

***Ж.ДАУРЕНБЕКОВА.***

# ТРЕХСМЕНКА В ШКОЛАХ: ВОПРОСЫ И РЕШЕНИЯ

*Строительство*



Когда мы говорим о качестве образования, то из этого вытекают более сложные вопросы - наличие профессиональных педагогических кадров и средних общеобразовательных учебных заведений. Кадры и школы в районе есть другой вопрос – какие. Например, в районе на сегодня из имеющихся 38 школ (плюс одной частной). 15 - с трехсменным обучением. Понятно, что на качестве преподавания это сказывается не лучшим образом. Областные и районные власти об этой проблеме знают и держат ее на контроле. Выходили с письмами на республиканский уровень, ходатайствовали перед депутатами мажилиса.

Если брать один из крупных округов – Энергетический, то в его административном центре – поселке Отеген батыр перегружены две школы. Это школа – гимназия №38 где занимается 1700 учащихся, хотя по проекту должно быть не более 690. Ну, а, в казахской СШ №13 имени Мукагали Макатаева, вообще учатся более 2,5 тысяч школьников, что более чем в три раза превышает нормативы!

Как заявил на одном из совещаний аким района Кыдыркельды Медеуов в ближайшие пять лет с трехсменками в районе должно быть покончено.

Что для это делается? Как известно в районном центре, фактически пригороде Алматы, сегодня весьма проблематично найти свободный участок. Тем не менее более 3,5 гектара под важный социальный объект поселковый акимат изыскал. В прошлом году на окраине нового микрорайона «Куат», рядом с областной детской клинической больницей началась масштабная стройка.

Как рассказал корреспонденту начальник отдела строительства Илийского районного акимата Аман Есембаев строительство средней школы на 1200 мест ведет генеральный подрядчик – ТОО «Стройсервис-97». Договор заключен 24 апреля 2014года за №467/14-21 на общую сумму – свыше 1, 4 миллиарда. В 2014 году оплачено 564988,9 тыс. тенге. На текущий год выделено 924185,0 тыс. тенге. Срок сдачи объекта – 25 августа 2015 года. Со стороны акимата, архитектурного контроля проводятся регулярные выезды на объект для контроля качества строительства.

Как считает заместитель руководителя отдела образования Гульнара Максутова ввод школы на 1200 мест позволит существенно снять проблему перегруженности образовательных учреждений в округе и выйти на санитарные нормы. Что касается ситуации в целом по району, то она вполне оптимистичная. Строятся новые школы в селах имени Тлендиева, Комсомол, Куйган. В плане строительства школы в селе Жапек батыр. В более отдаленной перспективе - КазЦИК, Чапаево, Боралдай.

***Рамазан ЕЛЕШЕВ.***

Дін және қоғам



# ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМ – ҒАСЫР ІНДЕТІ

**Діни экстремизм мен терроризм XXI ғасырдың ең басты мәселелерінің біріне айналып отыр. Террорлық актілерге итермелейтін дәстүрлі діннен жат ағымдар өсе түсуде.**

Бұл ретте Елбасы Н.Ә.Назарбаев былай деп атап көрсеткен: «Қазақстанда терроризм, сепаратизм және экстремизм проблемалары бар. Әсіресе халықаралық терроризмнің кең қанат жайғанын және халықаралық қауымдастық пен аймақтардың саяси-әлеуметтік және экономикалық мәселелермен ұштасып, саясиланғанын ескерсек, олардың тарапынан туындаған қауіп ойдан шығарылған емес, нақты және шынайы өмірлік қауіп».

Әлімде болып жатқан террорлық акттар діни терроризм мен экстремизмнің алдын алудағы жаңа кезеңіне негіз болды. Оның бірі бұрын соңды болмаған 2001 жылғы 11 қыркүйектегі АҚШ-тағы болған террорлық акт.

Діни терроризм мен экстремизм кеше мен бүгін пайда болған құбылыс емес.

Орталық Азиядағы діни экстремизм мен терроризмнің Қазақстанға тигізер ықпалы өте зор.

Қазақстан Республикасының 2011 жылы қабылданған «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» Заңына сәйкес сонымен қатар, мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама бекітілген болатын, бағдарламаның негізгі мақсаты діни экстремизм көріністерінің алдын алу және терроризм қатерлеріне жол бермеу арқылы адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін Іле ауданында діни экстремизм және терроризм профилактикасы шараларын жетілдірумен, аталған көріністерді анықтау мен жолын кесудің тиімділігін арттырумен, сондай-ақ экстремистік және террористік әрекеттердің салдарларын азайту және жою шаралары жүйесін жетілдіру жұмыстары жүргізілуде.

Бұл ретте бағдарламада профилактикалық жұмыс пен нысаналы топтар арасындағы насихат жұмыстары кеңінен таралуда. Атап айтқанда 2015 жылдың жоспарына сәйкес жергілікті құқық қорғау органдарымен, қауіпсіздік комитеті, прокуратурамен қосылып діни эстремизммен терроризмнің алдын алу шаралары жүргізілуде.

Бағдарламада көзделген профилактикалық іс-шаралардың көпшілігі ел тұрғындарының белсенді азаматтық ұстанымына сүйенеді, ол сайып келгенде қоғамда толерантты діни сананы және радикалды идеологияға деген иммунитетті күшейтуге мүмкіндік береді.

***С.ЖАРҚЫНБЕКОВ,***
***Ішкі саясат***
***бөлімінің басшысы.***



# Санаңды сақта жас ұрпақ

Еліміздегі діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жыдарға арналған мелекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау мақсатында құрылған Іле аудандық ақпараттық насихаттау тобының 2015 жылға арналған іс - шаралар жоспарына сәйкес Қараой ауылының Мәдениет үйінде Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің саясаттанушысы, дін танушы - профессор Бейсенов Бағдат Қабылдаұлы, Алматы - Астана епархиясының Пайғамбар Илья шіркеуінің жетекшісі - Протоиерей Георгий және аудандық АНТ тобы мүшесі дінтанушы, аудан бас имамы – Алдажар Сейітұлының қатысуымен семинар өткізілді. Қамтылған адам саны - 210 адам.

Семинарға Аудандық Ұлттық Қауіпсіздік қызметкерлері және аудан прокурорының аға көмекшілері, ІІБ полиция қызметкерлері, аудандық орта мектептердің дінтану пәнінің мұғалімдері, орта мектеп директорлары, тәрбие ісінің меңгерушілері, имамдар, қоғамдық ұйым төрағалары , «Жас Отан» жастар қанаты, арнаулы орта оқу орындары мен жалпы білім беру мекемелерінің жас мамандары, дінтану пән оқытушысы, ауыл ақсақалдары және қоғамдық кеңес жетекшілері, БАҚ өкілдері шақыртылып, «Хабар» телеарнасының дайындалуымен «Санаңды сақта жас ұрпақ» және «Вербовка в некуда» атты бейнероликтер көрсетіліп, әкімдіктердің ішкі саясатқа жауапты мамандарға және дін тану пән ұстаздарына «Алматы облысының дін істері басқармасы» ММ Дін саласындағы мәселелерді зертеу орталығының баспасынан шыққан «Дін саласындағы өзекті мәселелер бойынша» әдебиеттер таратылды.




# ЖАТ АҒЫМНАН САҚТАН

Қазіргі таңда Қазақстанның өмірінде діннің алатын орны үлкен. Дін арқылы біздің дәстүрлі сенім-нанымдарымыз қалпына келіп, біздің бетіміз имандылыққа, парасаттылыққа бұрылуда.

Әлемде сан түрлі дін болса да әрбір тұлға өз бағытын айқын анықтауы тиіс. Сондықтан мемлекетімізде тыйым салынған діни ағымдардың бағытына бұрылмай, жат көзқарастың жетегіне ермей, көшіміздің керуенін имандылыққа бұруымыз қажет. «Алматы облысының дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Дін саласындағы мәселелерді зерттеу орталығы» КММ-нің іс-шара жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру мақсатында «Экстремизм- ел үшін бүлдіруші ағым» тақырыбында Чапаев ауылындағы Мәдениет үйінде Ішкі саясат бөлім басшысы Жарқынбеков Сұлтан Данашұлының төрағалығымен «Экстремизм-ел үшін бүлдіруші ағым» атты семинар 250 адамды қамтып ұйымдастырылды. Семинар барысында Алматы облыстық «Дін саласындағы мәслелерді зерттеу орталығы» КММ және «Жетісу» телеарнасының бірлесіп түсірген «Жердің шетінде» атты деректі бейне роликті аудандық орта және арнаулы орта білім беру мекемелерінде, аудандық және округ әкімдіктеріндегі ішкі саясат саласына жауапты мамандарға, діни бірлестік жетекшілеріне, аудандық ақпараттық насихат топ мүшелеріне түсіндіру мақсатында «Алматы облысының дін істері басқармасы» ММ «Дін саласындағы мәселелерді зерттеу орталығы» КММ-нің директорының міндетін атқарушы Шынар Сүлейқызы Кекбаева, Әл-Фараби атындағы ҚазақҰлттық Университетінің философия және саясаттану факультеті, мәдениеттану және дінтану кафедрасының доценті, философия ғылымдарының кандидатыСұлтанмұрат Өтешұлы Абжалов, Алматы өңірі бойынша «Қарасай батыр» мешітінің наиб имамыАрман Оразұлы Бекбосынов, Іле ауданы прокурорының аға көмекшісіЕрлан Амангелдіұлы Мұстафин жиналған қауымға баяндап түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

***А.АҚМАЖАНОВ, Ішкі саясат бөлімінің бас маманы.***

# ЛУЧШИХ МЕДСЕСТЕР

## определили в ходе конкурса в районной больнице



К международному Дню медицинской сестры проведен конкурс «Лучшая старшая медицинская сестра района». Жюри определило места в следующей последовательности: I-**место. Гульняшкина Наталья Юрьева**, старшая медицинская сестра поликлиники ЦРБ; II-**место. Абдрахманова Роза Нургаситовна,** старшая медицинская сестра врачебной амбулатории села Жапек батыр; III-**место**. **Исакова Эльмира Талантовна, с**таршая медицинская сестра ВА села КарАой.

В номинации **«Лучшая форма одежды медицинской сестры»** первое место присуждено **поликлинике.** В номинации «**Лучшее отделение стационара Илийской ЦРБ» - отделение травматологии.** - А «Лучшим объектом первичной медико-санитарной помощи» еще раз признан коллектив поликлиники ЦРБ.

Выступающие отмечали важность проводимого мероприятия, направленного на повышение мастерства медработников среднего звена, являющихся главными помощниками врачей. Подчеркнули компетентность и честность членов конкурсной комиссии. Все номинанты награждены грамотами и денежными премиями.

***Рамазан ЕЛЕШЕВ.***

*Мастерство*






# ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНАН КӨРІНДІ

Өткен кезектен тыс Президент сайлауында Өтеген батыр кентіндегі 7 орта мектепте орыналасқан №315 сайлау учаскесі ең үздік учаскелердің бірі деп аталды. Онда бірден 1853 сайлаушыны қабылдады. Учаске жетекшісі Қасымбекова Күлән Нұрмекенқызы. Ол өзі жетекшілік еткен сайлау учаскесі туралы "Бізде сайлау өте тиянақты әрі әділ өтті. Президентікке үміткерлерге дауыс беру барысында заң бұзушылықтар байқалмады. Әрбір бақылаушы өзіне тиісті сайлау учаскесін бақылады. Сағат тілі жетіні соғысымен Қазақстанның Мемлекеттік Әнұраны әуелеп, сайлау учаскелері алдында кезек күткен 30-35-ке жуық сайлаушыларды көргенде бақылаушылар таңғалысын жасырмады. Саяси науқанда жастар жағы жоғары белсенділік танытты. Сайлау учаскелерінде мерекелік көңіл-күйдің лебі сезілді» дейді ол. Сонымен комиссия құрамында Жанар Дюсембаева, Мөлдір Тұрбаева, Эльмира Жақыпова, Жібек Рыспекова, Меруерт Кауменова, Лола Тәжиева сынды ұстаздар болды

Аталмыш сайлау учаскелеріне халық мерекеге келгендей келіп жатты. Белсенділігі өте жоғары болды. Таңертеңгі сағат 10-ға дейін сайлаушылардың 60 пайызына жуығы дауыс беріп үлгерді. Бұл - өте жоғары көрсеткіш. Қысым көрсетіп дауыс бергізіп жатқан ешкім жоқ, әкімшілік тарапынан да ешқандай қысым көрсетілген жоқ. Сайлау барысында өтегендіктердің шынайы азаматтық белсенділігін көргенде шын жүрегіннен қуанасың…

Аталмыш учаскеге Өтеген кентіндегі Титов, С.Сейфуллин және Абай көшелерінің тұрғындары дауыс берді.

***Ерекебұлан БЕКҚАЛИЕВ, 11 сынып оқушысы.***



# Жеңіс мерекесі

Тарихтың ақтаңдақ беттерінде жазылған Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл толуына орай Әли ауылындағы №22 орта мектепте салтанатты жиын өтті. Салтанатты жиынға Іле ауданының «Құрметті азаматы» Н.Қасымов, полиция генералы Қ.Серікбаев, құрметті зейнеткер Б.Қатаева ардагерлер, ауданның және ауылдың белсенді азаматтары, тыл еңбеккерлері шақырылды. Жиын ашылысымен мектептің 7-11 сынып оқушыларынан жасақталынған әскери киім киген топтар саптық жүріспен жүріп өтіп, ардагерлерге құрмет көрсетті. Мектеп басшысы Б.Найманбаева құттықтау сөз сөйлеп, Ұлы Жеңістің маңыздылығына және оған ауыл тұрғындарының үлесі туралы айтты. Артынша Н.Қасымов, Б.Қатаева, Қ.Серікбаев және ауыл белсенділері сөз сөйлеп, елімізде бейбітшілік пен ынтымақтастық орнай берсін деп жылы лебіздерін білдірді. Ұлы Жеңіске арналған бағдарламалық көрсетілімге әртүрлі мерекелік арнайы киім киген мектеп оқушылары да белсене қатысты. Жиын концерттік бағдарламамен аяқталды. Терең мазмұнды, тағылымы мол осы жиын ата-баба рухын құрметтеудің ерекше бір көрінісі болды. Елдіктің, ерліктің даңқы ұрпақтан ұрпаққа жалғасын таба береді.

***Б.БЕКИШОВ,***
***«№ 22 орта мектеп» МКМ география пәні мұғалімі.***





# ДӘСТҮРЛІ БОКС ТУРНИРІ ӨТТІ

Байсерке ауылындағы №9 орта мектепте ауданымыздың «Құрметті азаматы» Нұрмұханбет Қасымов атамыздың мұрындық болуымен ауданымыздың түкпір-түкпірінен жас боксшылар турнир өтті. Турнир осымен 12 жыл бойы үзілмей жалғасын тауып келеді. Турнирдің ауыл балаларына берер пайдасы мол. Осы мектептен шыққан балалар бүгінгі күні еліміздің намысын шаршы алаңда қорғап жүр. Жарысқа 10 округтен келген 11 және 6 сынып оқушыларынан құралған спортшылар бақ сынауға ниет білдіріпті. Турнирге отандастарымыз бөлек, Ресейден де боксшылар келді.

Турнирде алғаш сөзді алған Нұрмұханбет Қасымов атамыз жастарға сәттілік пен жігер тіледі. Болашақта да осы үрдісті жалғастырып, қолынан келгенше ауыл спортын дамытуға күш салатынын жеткізді.

Сонымен турнирдің нәтижесі бойынша 75 келіде І-орын Бауыржан Бекдишов, ІІ-орын Сейтхан Әлиев пен Нұрбек Қаныбек бөлісті. Ал,65 келіде І-орын И.Ярослав пен Ғалымжан Айдарұлы тең бөліссе, 54 келіде Бауыржан Янабай жеңіп алды. Әрбір жеңгенде жеңіліп, жігерін қайраған жас спортшылардың барлығына ұйымдастырушылар арапынан былғары қолғаппен мадақтама қағаздар таратылды.

Өзінің адамгершілігімен және мәрттігімен өскелең ұрпаққа қол ұшын беріп жүрген Нұрмұханбет атамыздың ісі алдағы уақытта Қазақстанды бүкіл әлемге танытатын жас спортшылардың бағын ашып, болашағына жол бастайды деп сеніммен тарастық.

***Ерекбұлан БЕКҚАЛИЕВ, 11 сынып оқушысы.***

# ҰСТАЗЫ ЖАҚСЫНЫҢ ҰСТАМЫ ЖАҚСЫ

XXI ғасыр-ғылым мен техниканың қарыштап дамыған кезі. Ақпараттандыру, жаһандану және интеграция ғасырында жаңа дүние үшін күрес жолында білім беру бірінші кезекке қойылып отырған кезде Ұлттық бірыңғай тестілеуді енгізу білім беру ұйымдарының қызметін объективті бағалауға, олардың нақты рейтингтерін анықтауға, жалпы орта білім мәселелеріне жұртшылықтың назарын күшейтуге, оқушылар мен мұғалімдердің оқу еңбегінің қорытындысын анықтауға, дәлелдеуге мүмкіндік береді. Қазіргі заман талабынан туындап отырған қажеттілік ұлттық бірыңғай тестілеу білім беру ұйымдарының жұмысын айқын көрсетіп, оқушылар мен ұстаздардың бірлескен еңбегін бағалайтын, білім сапасының көрсеткіші болып табылады десек, сол білім сапасына көз жеткетін де уақыт таяп қалды. 11 жыл алған білімнің де сынға түсер уақыты келді. Балаларға түсер салмақ, күтілетін нәтиженің өлшемінде шек жоқ. Барлығы да бала болашағы үшін. Оқушылар нәтижелі көрсеткіш көрсетіп, қалаған оқу орындарына түсе алса үміт ақталғаны.

Осы бір науқанның мектебіміздегі сандық көрсеткіштеріне тоқталасам. Іле ауданы, Чапаев ауылы, №10 орта мектепте биыл 97 оқушы бітірмекші. Оның 74-і қазақ сыныптарынан, 23-і орыс сыныбынан. Ұлттық бірыңғай тестке кіретін бала саны - 80. Оның ішінде 14 оқушы өз еріктерімен, ал 3 оқушы ҰБТ тапсырудан жеткен жетістіктері үшін босатылғандар. Оның біреуі-Куанышева Перизат Кореяға дайындық курсына түсуге жолдама алып отыр. Екеуі Халықаралық «Дарын» ғылыми жоба байқауының жүлдегерлері. Наргиз Қайырланова және Мадина Махамбетова 125 ұпайлық сертификат иегерлері десек те болады. Сондай-ақ Дәулетхан Индира мен Жәнібек Айкүміс «Алтын белгі» төсбелгісіне үміткер болса, Диқанбаева Ағдия үздік аттестатқа ұсынылып отыр. Бұлар біздің мектебіміздің мақтаныштары.

«Дайындық мәселесі қалай?» деген сұрақпен бірнеше есікке бас суққан едім, «ҰБТ-ға дайындық кезінде төмендегідей жұмыстарды жүзеге асырамыз, бұл жұмыстар оқушылардың алған білімдерін терең меңгертіп, есте сақтау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді» деп қағаздарын жайып салған мұғалімдерді кездестірдім. Ия, оның бәріне тоқтала беру мүмкін емес. Дегенмен мектепте міндетті, аптасына 1 рет бақылау тесті, барлық пән бойынша аптасына 2 рет қосымша сабақ жүргізіледі. Алдағы қалған аз да болса уақытта дайындықтың қарқынын күшейту керек екенін баса айтқан мектеп директоры Е. Сапронова пән мұғалімдерінің алдындағы жауапкершіліктің салмағын саралап бергендей.

Ия, бұл бала үшін үлкен өткел, үлкен сын болатыны анық. Осы тұста айта кететін жайт мектеп психологтарының түлектермен жасап жатқан жұмысы. Күндіз-түні шарқ ұрып, балалармен бірге шырылдап жүргендердің бірегейі осы психолог мамандар. Оқушылармен түрлі тренингтер өткізіп, оларды психологиялық тұрғыдан дайындауға барын салып-ақ жатыр. Сәті келіп Доскабылова Динара Галпакбаевнаның «Бойдағы қорқынышты төмендету» атты лекциясын тыңдап, «Күйзеліске жол жоқ» тақырыбындағы тренингіне қатыстым. Мұнда балалардың қызығушылығын байқап, осы жұмыстың оларға көмек болатынына көзім жетті. Күйзелістің денсаулыққа зияндылығы, одан арылудың жолдары айтылып, «ҰБТ-да мен неден қорқамын» деген ойларын оқушылар қағазға жазып сол қорқынышты жеңуге мақсатталған «қорқынышты өртеу» сияқты бірқатар жұмыстарының куәгері болдым.

Балаға әлеуметтік және психологиялық жағдай жасай отыра, қандай деңгейде болмасын білімі бар балалардың ынтасын, білімге деген құлшынысын жоғалтып алмай, керісінше жүйелі дайындық арқылы қызығушылығын арттыра түссек нұр үстіне нұр болар еді.

Қазақстан болашағы мен келешегі білімді ұрпақ пен жастардың қолында. Ендеше осы жастардың білім жолындағы сынына бүкіл мектеп ұстаздары атынан сәттілік тілеймін!

***Н.МЕДЕУБАЕВА,***
***№10 орта мектеп.***
***Чапай ауылы.***

# ХАБРАЛАНДЫРУ

**Құрметті Іле ауданының тұрғындары!**

4 маусым күні сағат 19.30-да Өтеген батыр кентінің орталық алаңында «Қазақстан Республикасының Рәміздері күні» мерекесіне орай Алматы облысы, Ақсу ауданы, Қаракөз ауылы «Жайлау» қожалығы және кәсіпкер Алдаберген Рысбаевтың демеушілігімен қазақ эстрадасының жұлдызы **Серікбол Сайлаубек** және бір топ эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерттік кеші өтеді.

Концерттік кеш тегін.




***Іле ауданы әкімдігінің Ішкі саясат бөлімі.***
***Байланыс телефондары: 8 (72752) 2 10 69.***
***Ұялы тел.: 8 777 231 23 48, 8 701 597 64 73.***

# Бақыт кілті - білімде

Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек,алдағы күн тәртібіндегі басты мәселе – терең білім беру.ҰБТ дайындығын күшейту. Мұғалім мектептегі басты тұлға. Әйгілі педогог, балалар әдебиетінің атасы Ы.Алтынсарин: «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат. Өйткені ол мектептің жүрегі...», - деп бекер айтпаған. Қай мектептің болсын нәтижелі жұмыс істеуі түптеп келгенде, сол оқу орнында еңбек ететін әрбір мұғалімнің өз міндетіне деген жауапкершілігіне, ұстаздық іскерлігіне, жан – жақты ізденісіне, терең біліміне байланысты. Мұғалім әрқашан болашақ үшін қызмет етеді. Себебі олар болашақтың иелерін, бағбандарын тәрбиелейді.Осы тұста Б.Саейлханова, А.Далибаева, Ж.Бикенова, Ж.Ауелбекова, Б.Авезов және Р.Кадырова, К.Қошыбаева, Ғ.Қойбағарова, И. Тілеубердіқызы сынды ұстаздар аянбай тер төгіп, оқушыларды Ұлттық бірыңғай тестіге дайындап жүр.Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді ұғындырудың бірі – жаңа технология негіздері болып табылады.Білім беру – шын мәнінде баланың өзінің дербес мүмкіндіктерін ескере отырып, белсенді іс – әрекет жасауына, оқушының тұлға ретінде үнемі дамуына, өзін – өзі тәбиелеп дамытуына, жас және жеке ерекшеліктерін ескеруге жағдай туғызу деген сөз.Дұрыс ұйымдастырылған жұмыста ғана жетістік болады. Ұжымның пікірін, мамандардың құрамын үнемі есепке алып, әрбір маманның шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасап отырған мектеп директоры А.Ж Керимкулованы ерекше атап өту керек.

«Жас келсе іске» демекші жас болса да оқу ісі меңгерушісі М.Ж Ерімбетова өзінің білім – біліктілігін танытып, әр тоқсан сайын мектепішілік тест қорытындысын саралап, мониторинг бойынша ата-аналарға таныстырып отырады, қосымша сабақтардың өтілуін қадағалап, жүргізу әдіс – тәсілдерін де бақылап отырады. Қазіргі таңда ҰБТ-ң көрсеткіші 72-75 пайызды көрсетіп отыр. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші ұжымның ауызбіршілігін, ұйымдастыру жұмыстарының дұрыс жолға қойылғандығының арқасында.Ұстаздарға еңбектеріңіздің жемісін көріп, биік белестерден көрініңіздер дегім келеді.

***А.РАХИМБАЕВА,***
***№20 орта мектеп мұғалімі.***

# ЛИЦЕНЗИЯ АЛУДЫҢДА ЖӨНІ БАР

Медициналық қызметке лицензия беру қызметі Халыққа қызмет көрсету орталықтарында ұсынылады. Бұл мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға ақылы негізде көрсетіледі.

Айта кететін тағы бір жағдай, бұл мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының электрондық лицензиялау порталы **www.egov.kz** немесе **elicense.kz** арқылы да жүзеге асыруға болады. Ол үшін сіздің электронды цифрлы қолтаңбаныз болу шарт және қызметі онлайн көрсетілуі үшін порталда авторизациялаудан өтуіңіз қажет.

Оған мынадай құжаттар тізбегі қажет:

1) Лицензия алу үшін: нысан бойынша өтініш, жеке тұлға үшін - жеке басын куәландыратын құжат, нысан бойынша біліктілік талаптарына сәйкестік туралы мәліметтер;

2) Лицензияға қосымшаны алу үшін: Нысан бойынша өтініш; салыстырып тексеру үшін лицензияның көшірмесі және түпнұсқасы.

3) Лицензияны және лицензияға қосымшаны қайта рәсімдеу кезінде: қайта рәсімдеу туралы өтініш, салыстырып тесктеру үшін лицензияның көшірмесі және түпнұсқасы.

4) Лицензияның және лицензияға қосымшаның телнұсқасын алу үшін: өтініш.

Осы жоғарыда аталған құжаттар қабылданады. Халыққа қызмет көрсету орталығы жексенбі күннен басқа күндері жұмыс жасап, қызмет көрсетеді.

***А. АБЛГАЗИЕВА,***
***аудандық ХҚКО-ның бөлім инспекторы.***

# «ЖерҒӨО» РМК Алматы облыстық филиалының Іле аудандық бөлімшесі жеке және заңды тұлғаларға келесідей мемлекеттік қызмет көрсетеді

Жер учаскесіне жеке меншік құқығының актілерлерді рәсімдеу және беру;

тұрақты жер пайдалану құқығы актілерді рәсімдеу және беру;

уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалға беру) құқығына актлерді ресімдеу және беру;

уақытша өтеусіз жер пайдалану актілерді рәсімдеу және беру.

Жер учаскесінің тиесілілігі туралы ақпарат алу.

Жер учаскесіне кадастрлық ақпарат алу.

**Жер учаскесіне сәйкестендіру құжатын дайындау туралы ақпарат алу.**

Жер учаскесіне бастапқы құқық берудің құқық белгілейтін құжаты туралы ақпарат беру.

Мемлекеттік қызмет көрсету «ЖерҒӨО» РМК Алматы облыстық филиалының Іле аудандық бөлімшесі ғимаратында көрсетіледі, күн сайын дүйсенбіден жұма күнін қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін, демалыс күндері (сенбі, жексенбі) және мерекелік күндерді қоспағанда.

**«ЖерҒӨО» РМК Алматы облыстық филиалының Іле аудандық бөлімшесі мына мекен-жайда орналасқан: Өтеген батыр кенті, Титов көшесі, 98.**

# АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ САБАҚТАС ҚҰҚЫҚТАР ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Қазіргі кезде қоғамдық қатынастардың барлық саласында авторлық және сабақтас құқықтар нысандары кеңінен қолданылады. Халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасында да авторлық және сабақтас құқықтар заңмен қорғалады. Сонымен, авторлық құқық дегеніміз - автордың жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтары, ал сабақтас құқықтар - орындаушының, фонограмма жасаушының, эфирлік және кәбілдік хабар тарату ұйымының мүліктік құқықтары және орындаушының жеке мүліктік емес құқықтары.

Ел мен елдің байланысы дамыған сайын, олардың өнері де бір-біріне ауысып отырады. Мысалы, шынайы көркем туынды, әдеби шығарма, музыка, сурет пен сәулет, талантты әнші, сахна шеберлерінің өнері даму барысында сол елдің рухани қазынасын байытады. Осындай қатынастардың дамуы зияткерлік меншік иесін анықтап, оны тудырушы ел мен пайдаланушылар арасындағы қарым-қатынастарды реттеу үшін, және осы саланы бір жүйеге келтіру үшін халықаралық заңдардың қажеттілігі туындады. Оның мысалы ретінде, әдеби туындылар мен көркем шығармаларды қорғайтын Берн конвенциясын айтуымызға болады. Осындай қатынастарды реттеу үшін еліміздің «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңы қабылданды. Бұл заңды авторлық және сабақтас құқықтар туралы түсінік және ол қай кезде туындайды, мұндай құқықтар қалай қорғалады деген сұрақтарға жауап береді. Зияткерлік құқық туралы Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің ерекше бөлімінде де айтылған.

Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы ҚР Заңында көзделген авторлық құқық пен сабақтас құқықтарды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес азаматтық, әкімшілік және қылмыстық жауаптылық туындайды. Авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілерін пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың қызметіне бақылау жасауды уәкілетті орган жүзеге асырады. Зияткерлік меншік еліміздің әл-ауқатын дамытып, жетілдірудің бірден-бір қайнар көзі. Әркімнің өз құқығын қорғай білуі, еліміздің өркендеп өсуіне өз үлесін қосарына ешқандай дау тудырмайтыны сөзсіз.

***Іле аудандық Әділет басқармасы.***

# Респонденттер назарына!

Алматы облысы Статистика департаменті ҚР ҰЭМ-нің Статистика Комитетінің: www.stat.gov.kz сыртқы порталында «Статистикалық органдарға тапсыру үшін жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар бойынша статистикалық нысандардың тізбесін» (Жүгіртпек) беру модулі қызмет көрсетілетіндігін хабарлайды.

Модуль - «Респонденттерге» бөлімінде орналастырылған. Респондент (ЭСҚ болмаған жағдайда) өз БСН кодын енгізген жағдайда «2015 жылға жүгіртпек», яғни белгілі кәсіпорынның есепті кезеңде тапсыруына тиіс нысандар тізімі беріледі.

Әрбір респондент электронды сандық қолтаңба болмаған жағдайда да, өз бетінше жүгіртпекті алуына болады.

# Вниманию респондентов

Департамент статистики Алматинской области сообщает, что на внешнем портале Комитета по статистике www.stat.gov.kz реализован модуль по выдаче «Перечня статистических форм респондентам для представления в органы статистики» (Бегунок).

Данный модуль расположен в разделе «Для респондентов». При наборе респондентами своего БИНа (без ЭЦП) выходит «Бегунок на 2015 год», то есть перечень всех форм, которые необходимо сдавать конкретному предприятию в отчетном периоде.

Каждый респондент может самостоятельно получить бегунок даже при отсутствий электронно-цифровой подписи.

***К сведению налогоплательщиков осуществляющих производство, оптовую, розничную реализацию нефтепродуктов Управление государственных доходов по Илийскому району сообщает об изменениях в нормативно-правовые акты Министерства Финансов Республики Казахстан, регламентируемые деятельность в части производства, реализации отдельных видов нефтепродуктов:***

| № п/п | Наименование | Номер и дата | Опубликование | Вступает в силу |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Приказ МФ РК «Об утверждении Правил оформления, получения, выдачи, учета, хранения и представления сопроводительных накладных» «Ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу, алу, беру, есепке алу, сақтау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» | Приказ Министра финансов РК от 27.02.2015 г. № 138, государственная регистрация в МЮ РК от 03.04.2015 г. № 10628 | официально опубликовано в информационно-правовой системе «Әділет» 13.04.2015 г. | вводится в действие по истечении десяти календарных дней со дня его первого официального опубликования |
| 2 | Приказ МФ РК «Об утверждении форм, Правил представления и составления деклараций по обороту нефтепродуктов» «Мұнай өнімдерінің айналымы жөніндегі декларациялардың нысандарын, оларды ұсыну және жасау қағидаларын бекіту туралы» | Приказ Министра финансов РК от 24.02.2015 г. № 119, государственная регистрация в МЮ РК от 31.03.2015 г. № 10582 | официально опубликовано в информационно-правовой системе «Әділет» 06.04.2015 г. | вводится в действие по истечении десяти календарных дней со дня его первого официального опубликования |
| 3 | Приказ МФ РК «Об утверждении Правил представления декларации по обороту биотоплива» «Биоотын айналымы бойынша декларацияны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» | Приказ Министра финансов РК от 24.02.2015 г. № 118, государственная регистрация в МЮ РК от 02.04.2015 г. № 10617 | официально опубликовано в информационно-правовой системе «Әділет» 13.04.2015 г. | вводится в действие по истечении десяти календарных дней со дня его первого официального опубликования |
| 4 | Приказ МФ РК «Об утверждении Правил присвоения персональных идентификационных номеров-кодов» «Дербес сәйкестендіру нөмір-кодтарын беру қағидаларын бекіту туралы» | Приказ Министра финансов РК от 27.02.2015 г. № 137, государственная регистрация в МЮ РК от 31.03.2015 г. № 10584 | Официальное опубликование от 13.05.2015. Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан "Әділет". © 2012. РГП на ПХВ Республиканский центр правовой информации Министерства юстиции Республики Казахстан | вводится в действие по истечении десяти календарных дней со дня его первого официального опубликования |
| 5 | Приказ МФ РК «Об утверждении формы и Правил ведения журнала учета движения нефтепродуктов на автозаправочной станции» «Автожанармай құю станциясындағы мұнай өнімдерінің қозғалысын есепке алу журналының нысанын және оны жүргізу қағидаларын бекіту туралы» | Приказ Министра финансов РК от 27.02.2015 г. № 136, государственная регистрация в МЮ РК от 31.03.2015 г. № 10592 | официально опубликовано в информационно-правовой системе «Әділет» 13.04.2015 г. | вводится в действие по истечении десяти календарных дней со дня его первого официального опубликования |
| 6 | Приказ КГД МФ РК «Об утверждении Правил организации деятельности акцизных постов» | Приказ Министра финансов РК от 19.01.2015 г. № 30, государственная регистрация в МЮ РК от 18.02.2015 г. № 10281 | официально опубликовано в информационно-правовой системе «Әділет» 13.03.2015 г. | вводится в действие со дня его первого официального опубликования |

# Финансовая отчетность ГКП ВХ "Илиирригация" за 2014 год

## Бухгалтерский баланс по состоянию на 31.12.14 год

| № № | Наименование показателя | На начало отчетного периода | На конец отчетного периода |
|---|---|---|---|
| 1 | **Краткосрочные активы** | | |
| | Денежные средства и их эквиваленты | 262 | 224 |
| | Краткосрочная дебиторская задолженность | 4866 | 2630 |
| | **Итого краткосрочных активов** | **5128** | **2854** |
| 2 | **Долгосрочные активы** | | |
| | Основные средства | 39385 | 39323 |
| | Прочие краткосрочные активы | 65 | 40 |
| | **Итого долгосрочных активов** | **39450** | **39363** |
| | **Баланс (строка 100+200)** | **44578** | **42217** |
| 3 | **Краткосрочные обязательства** | | |
| | краткосрочная кредиторская задолженность | 4542 | 2683 |
| | **Итого краткосрочных обязательств (стр 213 по 215)** | **4542** | **2683** |
| 4 | Капитал | | |
| | Уставной капитал | 11680 | 11680 |
| | Резервный капитал | 28279 | 28279 |
| | Нераспределенная прибыль прошлых лет | ... | 77 |
| | Нераспределенная прибыль очет года | 77 | -502 |
| | **Всего капитал** | **40036** | **39534** |
| | **Баланс (строка 300+500)** | **44578** | **42217** |

## Отчет о прибылях и убытках за 2014 год

| № № | Наименование показателя | За предыдущий период | За отчетный период |
|---|---|---|---|
| | Доход от реализации готовый продукции | 14923 | 12361 |
| | Себестоимость реализованный гот.продукции | 9703 | 8218 |
| | Валовый доход (стр 1- стр 2) | 5220 | 4143 |
| | Расходы периода, в том числе | 5174 | 4644 |
| | Общие административные расходы | 2667 | 2699 |
| | Расходы по реализации готовой продукции | 2507 | 1945 |
| | Доход (убыток) от основной деятельности | 46 | -502 |
| | Чистый доход (убыток) | 46 | -502 |

## Отчет о движении денег за 2014 год

| № № | Наименование показателя | За предыдущий период | За отчетный период |
|---|---|---|---|
| 1 | Движение денег от операционной деятельности | | |
| | Поступление денег | 14923 | 12361 |
| | доход от реализации готовой продукции (товаров, работ, услуг) | 14923 | 12361 |
| | Выбытие денег | 15243 | 12399 |
| | По счетам поставщиков и подрядчиков | 2107 | 2082 |
| | По заработной плате | 7929 | 7764 |
| | Платежи в бюджет | 2816 | 2083 |
| | прочие выплаты | 2391 | 470 |
| | Увеличение (+)/ уменьшение (-) денег в результате операционной деятельности | -320 | -38 |
| | ИТОГО: Увеличение(+)/ уменьшение (-) денег | -320 | -38 |
| | Деньги на начало отчетного периода | 582 | 262 |
| | Деньги на конец отчетного периода | 262 | 224 |

